

УДК 37.035

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫН ЕРТЕГІЛЕР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Қоңырбаева Асылзат Азаматқызы

asylzatasylzat101@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының 3 курс студенті. Нұр-сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.П.Албытова

Ақыл-ой тәрбиесі - балалардың ойлау қабілетін дамыту, интеллектуалдық ақыл-ой санасын, дүниеге ғылыми көзқарасын жетілдіру, ой еңбегі мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет.

Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" және "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Жолдаулары аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, оның ішінде балалардың ерте дамуына арналған бағдарламалардың біріңғай стандарттарын енгізу мәселелері талқыланған [1].

Сонымен қатар, 2018 жылғы 5 қазан айындағы Жолдауында Елбасы "мектепке дейінгі білім беру" сапасын түбегейлі жақсарту керек екен деген тұжырымға келген. Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдалар сонау бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда" - деп атап өтті [2]. Яғни, мемлекет білім беру жүйесінде тұлғаның ақыл-ойын дамыту негізінде қоғамның экономикалық, әлеуметтік дамуының, оның әрбір азаматының білімінің, денсаулығының, әл-ауқатының артатындығын назарда ұстайды.

Ақыл-ой тәрбиесі жеке тұлғаны қоғамның өркениетті даму бағытына сай жан-жақты тәрбиелеудің құрамды бөліктерінің бірі. Ол білім жүйесін меңгеруге, балалардың рухани күшінің дамуына ықпал жасайды. Ақыл-ой тәрбиесінің басты міндеттері: балаларды табиғат, қоғам, адам жайындағы ғылым негіздерімен қаруландыру; қоршаған ақиқат дүниеге ғылыми көзқарасын, сенімін қалыптастыру; балалардың ойлау қабілетін (абстрақтылы ойлау, ойлау операциялары - талдау, синтездеу, салыстыру, жинақтау,

топтау, негізгісін ажырату, жіктеу т.б.), таным іс-әрекетін (іскерлік, дағды, бақылау, жазу т.б.) дамыту. Ол ой еңбегі мәдениетін меңгеруге, интеллектуалдық іс-әрекетпен ұзақ шұғылдана білуге, балаларды дербес жұмыс істеуге дағдыландырады. Ақыл-ой тәрбиесі шәкірттердің ерекшеліктеріне қарай дидактикалық талаптар (саналылық, белсенділік, өздігінен жұмыс істеуге үйрену, ұғыну т.б.) қояды. Бұл талаптар оқу жоспары, бағдарламалар, оқулықтар арқылы іске асады [3].

“Ақыл-ой тәрбиесі”, “Ақыл-ой дамуы” ұғымдарын көптеген шет елдік және Қазақстандық ғалымдар зерттеген. Педагогика тарихында Я.А.Коменский, И.Г.Пестолоций, Ф.Фребель, М.Монтессори және т.б еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой тәрбиесі, оны оқыту процесінмен ұштастыру (Д.Ж.Брунер, Ж.Пиаже және т.б) жан-жақты қарастырылған. Ресейде мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой тәрбиесін педагогика тұрғысынан Е.И.Водовозова, П.Ф.Каптерев, Е.И.Тихеева, А.П.Усова және т.б. зерттесе, осы жастағылардың ақыл-ой тәрбиесінің психологиялық негізін А.В.Запорожец, Л.А.Венгер, А.Г.Русская тұрақты зерттеу объектісіне айналдырған [4].

Ақыл-ойдың дамуы – бұл баланың жасына, тәжірибенің молаю мен тәрбиелік ықпалдардың әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сан және сапалық өзгерістердің жиынтығы. Мектепке дейінгі шақта білімнің қолдануы шапшаң қарқынмен жүргізіледі, тіпті қалыптасады. Таным процестері жетіледі, бала кез келген әрекетте ақыл-ой әрекетінің қарапайым әдістерін меңгереді. Мектепке дейінгі кезең – баланың жеке тұлға болып өзін - өзі сезінуінің алғашқы сатысы. Демек, бұл кезең адамгершілік, ақыл – ой және басқа да қасиеттердің ең маңызды кезеңі. Баланың мәдениетті сөйлей білуі үй ішінде, балабақшада, отбасында алған білім тәрбиесіне байланысты. Біздің басты міндетіміз баланы жан-жақты дамыта отырып тілін дамыту, сөздік қорларын байытумен қатар есте сақтау қабілеттерін арттыруды ақыл-ойды дамытумен байланыстыруға ықпал ету.

Ақыл-ойдың дамуы – бұл бала жасына, тәжірибесінің молаюы және тәрбиелік ықпалдарының әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сандық және сапалық өзгерістердің жиынтығы. Мектепке дейінгі шақта білімнің қолдануы шапшаң қарқынмен жүреді. Таным процестері жетіледі, бала ақыл-ой әрекетінің қарапайым әдістерін меңгереді. Баланың ақыл-ойы дамуын қамтамасыз ету оның барлық іс-әрекеті үшін зор маңызы бар. Ақыл-ойды дамыту әлеуметтік ортаның ықпалымен жүзеге асырылады. Ол айналадағылармен араласу барысында тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып, сонымен бірге қалыптасқан ұғымдар жүйесін игереді. Ақыл –ой тәрбесі баланы неғұрлым тиімді дамыта оқыту мен тәрбиелеу негізінде жүзеге асырылады [5]. Осы ретте мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой тәрбиесінің маңызы мен міндеттері төмендегідей:

Ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны- балалардың ақыл-ой күшін дамыту; ақыл-ойдың даму деңгейі, адамның білімді жинақтай білу қабілеті, негізгі ойлау операцияларын меңгеруі, ақыл-ой іскерлігі. Ақылдың белгілі бір даму дәрежесін ақыл-ой күштері деп атайды. Ақыл-ой күштері адамды білім қорын жасауға, негізгі ойлау операцияларын жүзеге асыруға ,зиялылық біліктілікті меңгеруге қабілетті етеді. Ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері де осыдан шығады.

Ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері:

- ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорын жинақтау;
- ақыл-ой түрлерін дамыту;
- негізгі ойлау тәсілдерін меңгеру;
- зиялылық біліктерді қалыптастыру;
- дүниетанымды қалыптастыру;

Ал, мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері:

- балаларда қоршаған өмірдің заттары мен құбылыстары жайлы қарапайым білімдер жүйесін қалыптастыру;
- ақыл-ой әрекетінің дағдылары мен біліктерін қалыптастыру, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттерді дамыту;
- танымдық қызығушылықтар мен білгісі келушілікті қалыптастыру;
- балаларды ақыл-ой еңбегіне үйрету. [6].

Келесі кезекте, ақыл-ой тәрбиесінің түрлері:

диалектикалық; логикалық; абстрактылық; категориялық; теориялық; индуктивтік; дедуктивтік; алгоритмдік; техникалық; өнімдік және репродуктивтік; жүйелілік [7].

Ертегі арқылы балабақша балаларының ақыл-ойын дамытудың әң құралы деп қарастыра аламыз. Мұндай ертегілер балалардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдалады.

Біз шағын зерттеу жұмысымызда балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, "ересектер" тобында тыңдалатын ертегілерді жинақтадық. Олар: "Уақыт", "Қасқыр мен кісі", "Түлкі, тасбақа және кене", "Түлкі мен қоян", "Үш көбелек" және т.б. Осы ретте ақыл-ойдың бір түрі логикалық ойлауды ертегі арқылы балаларға ұсындық. Логикалық ойлау-білімді өндеудің логикалық тәсілдерімен байланысты. Талқылау, дәлелдеу, теріске шығару, қорытынды, болжам жасау тәсілдері байланыстарды табуға, жаңа білім алуға көмектесіп, білімді жүйеге келтіреді. Біз 2020-2021 оқу жылында балабақшада "Ересектер" тобының балаларына "Уақыт" ертегісіне анимациялық қысқа мерзімді фильм көрсеттік. Анимациялық қысқа мерзімді түсірілім жасау барысында баланың жас ерекшелігіне қарай отырып, олардың логикалық ойлауын дамыту үшін "Уақыт" ертегісін таңдап, ұсындық.

Бұл анимациялық ертегі арқылы біздің қол жеткізген нәтижелеріміз: бала жыл мезгілдерін, бір жылда қанша ай, қанша күн бар екенін, бір айда қанша күн болатындығын, жыл мезгілдерінің ретімен санап үйрене алады. Ертегі арқылы бала логикалық ойлауын дамыта отырып ақыл-ойының дамуына қол жеткізуге болады.

Ақыл-ой тәрбиесінің маңызды міндеті-мектеп жасына дейінгі балаларға табиғат пен қоғам дамуының заңдарын меңгертетін ғылыми дүниетанымды қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі баланың ақыл-ой дамуындағы басты ерекшелік-танымның бейнелі формаларының басым болуы. Ақыл-ой тәрбиесі баланың ақылына әсер етуді көздей отырып, оның адамгершілік бейнесінің, эстетикалық дамуының қалыптасуына, салауатты өмір салты әдеттерін игеруіне ықпал етеді [8].

Ойымызды қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі баланың ақыл-ойын ертегі арқылы дамытуда ертегіге анимациялық қысқа мерзімді түсірілім жасаудың маңызы зор. Өйткені бала ертегіні көре отырып, қиялға беріледі, ойша сол кейіпкердің образына енеді, өз-өзімен сөйлесіп, өзінің ойын қосады, кейіпкерлермен бірде келіседі, бірде келіспейді... Осы аталып өткен процестер баланың ақыл-ойын дамытудың бағалы құралы бола алады демекпіз. Олай болса, балаларға ертегі айтудың, тыңдатудың формаларын өзгертіп отыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері және Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру атты Жолдауы.-Астана, 10 қаңтар 2018ж.
2. ҚР Тұңғыш Президентінің "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Қазақстан халыққа Жолдауы. - Астана, 5 қазан 2018ж.
3. Қазақ ұлттық энциклопедиясы.
4. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Астана. Фолиант. 2014.
5. Сабыров Т. Балаларға ақыл-ой тәрбиесін берудің кейбір мәселелері.- Алматы, 1989

6. Мұқанов М.М. Ақыл-ой өрісі. - Алматы, 1980.
7. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы А., 1995.
8. Айтмағамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. - А., 1991.